

ФИЛИАЛДЫ АШУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1-КЕЗЕҢ: Дайындық және бастамашылдық

1.1. Бейінге сәйкестігін тексеру.

Кәсіпорын қызметінің бейіні университеттің білім беру бағдарламасына сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

1.2. Тараптардың келіссөздері.

ЖОО басшылығы (ректор, проректорлар, декандар, білім беру бағдарламаларының жетекшілері) мен кәсіпорын басшылығы (бас директор, директордың орынбасарлары) арасында кездесулер өткізіледі. Кездесулер барысында мақсаттар, жауапкершілік аймақтары және қаржылық мәселелер (бар болған жағдайда) талқыланады.

2-КЕЗЕҢ: Құқықтық ресімдеу (Құжаттар)

2.1. «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-ның (кәсіпорын атауы) базасындағы филиалы туралы ережені әзірлеу. Білім беру бағдарламаларының жетекшілері кәсіпорын өкілдерімен бірлесіп жергілікті нормативтік акт — «Филиал туралы ережені» әзірлейді. Онда толық атауы, мақсаттары, міндеттері, құрылымы, жұмыс тәртібі және жауапкершілік аймақтары көрсетіледі. Аталған ереже филиалдың қызметі туралы келісімнің қосымшасы болып табылады.

2.2. Филиалдың қызметі туралы келісім жасасу. ЖОО мен кәсіпорын екіжақты келісімге қол қояды.

3-КЕЗЕҢ: Ұйымдастырушылық іс-шаралар

3.1. Кәсіпорыннан жауапты тұлғаны (жетекші маман) және университеттен жауапты тұлғаны (ББ жетекшісі немесе оқытушы) тағайындау.

3.2. Оқу жоспарларын, студенттер топтарын қалыптастыру және сабақ кестесін әзірлеу.

Процедураның артықшылықтары: Лицензиялаудың қажеті жоқ. Кәсіпорын базасында практикалық даярлық жүргізу үшін жеке лицензия алу талап етілмейді.

Икемділік. Бағдарламаларды кәсіпорынның туындаған қажеттіліктеріне жедел бейімдеуге мүмкіндік береді.